

17 наурыз 2026 ж.



## Акцияларды және ЖДҚ-ларды кері сатып алу бағдарламасын қайта жалғастыру

**Алматы, Қазақстан** – «Эйр Астана» АҚ («Компания» және FlyArystan еншілес компаниясымен бірге – «Топ») 2026 жылғы 12 наурызда Компанияның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге сәйкес, Компанияның жай акцияларын («Акциялар») және акцияларды білдіретін Жаһандық депозитарлық қолхаттарды («ЖДҚ») кері сатып алу бағдарламасын жалғастыруынын хабарлайды.

Бұрынғыдай, Бағдарламаның мақсаты Компанияның ұзақ мерзімді қызметкерлерді ынталандыру бағдарламалары бойынша міндеттемелерін орындау болып табылады. 2026 жыл ішінде Компания 1 506 583 акцияға дейін (Акциялар және/немесе ЖДҚ түрінде) сатып алуды жоспарлап отыр, бұл қазіргі уақытта Компания орналастырған жалпы Акциялар санының шамамен 0,42%-ын құрайды (оның ішіне кері сатып алынған және жоспарға сәйкес қызметкерлерге үлестірілген акциялар, сондай-ақ ЖДҚ білдірген акциялар есепке алмағанда). Осы мақсатта жұмсалатын қаражаттың жалпы сомасы қосалқы шығындарды қоса алғанда, 4 миллион АҚШ долларынан аспайды. Бағдарламаның осы кезеңі 2026 жылғы 16 наурызда басталды.

Бағдарламаны іске асыру үшін Компания «Halyk Finance» АҚ-мен орындау негізінде ынтымақтастық орнатты. Бағдарлама кезеңінде «Halyk Finance» АҚ Компания атынан белгілі бір уақыттарда келесі нарықтарда сатып алу жүргізеді: (i) «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Astana International Exchange («AIX») арқылы акцияларды; (ii) Лондон қор биржасы (LSE) және AIX арқылы ЖДҚ-ларды. Сатып алулар қолданыстағы нарықтық баға бойынша, тиісті биржалардың ережелеріне және нарықтағы алаяқтыққа қарсы қолданылатын заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Компания Бағдарламаның нәтижелерін тұрақты түрде жариялап отырады. Басқа брокерлер тартылған жағдайда да Компания хабарлайтын болады.

Бұл хабарлама қандай да бір юрисдикцияда бағалы қағаздарға қатысты қандай да бір ұсынысты немесе ұсыныс жасауға шақыруды білдірмейді және оның бір бөлігі болып табылмайды. Компания, Бағдарлама аясында тартылған кез келген брокер немесе олардың үлестес тұлғалары (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) акционерлер мен ЖДҚ ұстаушыларына өз Акцияларын немесе ЖДҚ-ларын толық немесе ішінара сатуға қатысты қандай да бір ұсыным бермейді. Акционерлер мен ЖДҚ ұстаушыларына Бағдарламаға қатысу мәселесі бойынша өз брокер(лер)інен, инвестициялық менеджер(лер)інен, заң кеңесші(лер)інен, бухгалтер(лер)інен, кастодиан(дар)ынан немесе өзге де тиісті түрде уәкілеттендірілген тәуелсіз қаржылық кеңесші(лер)інен жеке қаржылық кеңес алуы керек. Егер жеке тұлға немесе компанияның Акциялары және/немесе ЖДҚ-лары брокер, дилер, банк, кастодиан, траст компаниясы немесе өзге де номиналды ұстаушы арқылы сақталса, Бағдарламаға қатысу үшін тиісті ұйымға тікелей жүгінуі қажет.

### Қосымша ақпарат үшін:

#### **Air Astana Тобы**

Инвесторлармен жұмыс бойынша қызмет  
Simon Wray (Инвесторлармен жұмыс бойынша басшы)  
Корпоративтік коммуникациялар

[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)  
[media@airastana.com](mailto:media@airastana.com)

#### **FTI Consulting (Қаржылық БАҚ)**

[airastana@fticonsulting.com](mailto:airastana@fticonsulting.com)

### **Air Astana компаниялар тобы туралы**

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 62 әуе кемесінен тұратын әуе паркін басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Парсы шығанағы, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын он төрт мәрте иеленді және қатарынан тоғыз рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan үш рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.